Әкімшілік мүшелері мектепті басқару бойынша біліктілікті арттыру курстарынан жүйелі түрде өтеді:

Рамазанова С.Т. – «Мектепті басқарудағы инновациялық менеджмент» «НЗМ» 2022 ж. ПШО. № 26f1ed19a

Хойчбай Е. – «Білім беруді цифрлық трансформациялау жағдайындағы инновациялық менеджмент» 2022 жыл, «Өрлеу» Көкшетау қ. №0631815

Қуат Т. – «Білім беру ұйымдарында жағымды тәрбие ортасын қамтамасыз ету» Көкшетау қ. Ақмола обл. ББ әдістемелік орталығы.

Мектепте LessonStudy тәсілінің практикасын енгізу мәселелері бойынша сертификатталған мұғалімдердің желілік ынтымақтастығы жұмыс істейді. Жұмыс жоспарға сәйкес жүзеге асырылады. Аталған қоғамдастық жұмысының мақсаты - семинар-практикум, коучинг, шеберлік сыныбы, зерттеу сабақтарын өткізу. Сертификатталған мұғалімдердің желілік қоғамдастығы оқытудың инновациялық технологияларын енгізу бойынша жұмыс істеуде. Желілік қоғамдастықтың көмегімен мұғалімнің психологиялық жайлылығының өзіндік кеңістігі құрылады. Зерттеу жұмыстарының қорытындысы «Лессон стадий нәтижесі» коучингінде қаралып, талданады.



Кеңащы Орта Мектебі и Ертай Бакшагуль

Нравится Комментировать Поделиться



Кеңащы Орта Мектебі и Ертай Бакшагуль

Нравится Комментировать Поделиться



Кеңащы Орта Мектебі

Нравится Комментировать Поделиться



Педагогикалық кадрларды жұмысқа қабылдау педагогикалық қызметкер мен басшысының жасаған еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады. Кадрларды іріктеу және орналастыру педагогикалық ұжым мүшелерінің біліктілік деңгейі мен біліктілік санатын ескере отырып, мектептің оқу жұмыс жоспарын іске асырудың объективті қажеттіліктеріне сүйене отырып, жоспарлы және мақсатты түрде жүзегізіледі. Кадрлармен алдын ала жасақтау және жаңа оқу жылына арналған оқу жүктемесін бөлу әрбір ағымдағы оқу жылының соңында жүргізіледі, бұл мұғалімдерге өздерінің перспективалық жоспарларын құрып, оқу орнының қызметінің басым бағыттарын белгілеуге мүмкіндік береді. Әрбір

мұғалімнің оқу жүктемесі әдістемелік бірлестіктің пікірін ескере отырып, нақты кәсіби деңгейге сүйене отырып және мектеп кәсіподақ ұйымының келісімі бойынша анықталады. Оқу сағаттарын бөлу кезінде оқытудағы сабақтастық, педагогтардың біліктілігі, сондай-ақ әрбір мұғалімнің тұлғалық-коммуникативтік қасиеттері ескеріледі. Мектепте кадрларды орналастыру даярлық деңгейі мен жұмыс тәжірибесі ескеріле отырып жүзеге асырылады. Педагогтар мен мектеп басшылығының жұмысының негізгі өлшемі педагогикалық этиканы сақтау, «Білім туралы» заңды, ҚР Еңбек кодексін орындау болып табылады. Мектеп әкімшілігі педагогтардың жұмыс уақытын ұтымды пайдалануға, шығармашылық жұмыс пен өздігінен білім алу үшін қолайлы жағдай жасауға тиісті көңіл бөледі. Педагогтардың сапалық құрамы олардың кәсіби жетістіктерінен көрінеді, көптеген педагогтардың еңбегі кәсіби наградалармен марапатталған.

Педагогтердің олимпиадалар мен конкурстарға қатысу [нәтижелері](#)

Мектептің педагогикалық ұжымы балаларға қабілеттерін толық ашуға, таңдаған қызмет түрінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге, олардың таланттары мен дағдыларын дамытуға жағдай жасауға тырысады. Мектептің мектепшілік жұмыс жоспарына сәйкес және "дарынды балалар" бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары ішінде балалармен жұмыс жүргізілді, оның мақсаты "дарынды балаларды анықтау, қолдау және дамыту, олардың өзін-өзі жүзеге асыруы, білім берудің озық дамуы жағдайында қабілеттеріне сәйкес кәсіби өзін-өзі анықтау үшін жағдай жасау" болып табылады.



Ұжымның алдында тұрған міндеттер:

1. оқушының қабілеттерін көрсету және физикалық және психикалық денсаулығын сақтау арқылы жетістікке жетуіне ықпал ететін білім беру ортасын құру.
2. дарынды балаларды ерте жастан бастап мектепті бітіргенге дейін анықтау және қолдау жүйесін құру;
3. олимпиадалар және түрлі деңгейдегі конкурстарда жоғары жетістіктерге қол жеткізген оқушылардың санын көбейту және сақтау.


Кәсіби жарыстарға, семинар, курстарға қатысу тиімділігі: 2021-2022 оқу жылы барысында екі бастауыш сынып мұғалімдері Ахметкалиева К.Ж., Шабарова К.Ж., қазақ тілі пәні мұғалімі Хойчбай Е. білім жетілдіру курстарын өтті, мектеп директоры Рамазанова С.Т. Білім беру ұйымдары басшыларының білім жетілдіру курсына өтіп, сертификат алды.



Мамай а.НОМ 70% мұғалімдер "Педагогтердің цифрлық құзырлығын дамыту" курсынан өтті.



2021-2022 оқу жылында жеткен жетістіктері мен еңбектері үшін мұғалімдердің бір қатары Республикалық, облыстық және аудандық марапаттарға ие болды. Атап айтсақ, мектеп директоры Рамазанова С.Т. Республикалық кәсіподақ ұйымы алғыс хатымен, бастауыш сынып мұғалімі Ахметкалиева Қ.Ж., ОТІМ Мусабаева Г.К. Ақмола облысы білім басқармасының алғыс хатымен, дене шынықтыру пәні мұғалімі Амантай Б.Ж., бастауыш сынып мұғалімі Нұржанова Д.М., тарих пәні мұғалімі Қуат Т., информатика пәні мұғалімі Токубаев А.М. аудандық кәсіподақ ұйымының алғыс хаттарымен марапатталды және Токубаев А.М. Біржан сал ауданы әкімінің алғыс хатымен марапатталды.



«Мамай ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық-мемлекеттік мекемесі 2022-2023 оқу жылын ойдағыдай аяқтап, оқу жылың басынан бергі мектептің оқу-тәрбие жоспарына сәйкес толыққанды жүзеге асырылуы тиіс жұмыстарды атқарды.

Өскелең ұрпақ бойына білім мен тәрбие дарыту мақсатында мектеп ұжымы ортақ мақсатқа бағытталған жұмыстарды жұмыла атқарды. 2022-2023 оқу жылы аясында ұжым әдістемелік, теориялық, ғылыми, тәрбиелік бағыттардағы кешенді іс-шараларды жұмыла жүзеге асырды.

Мектептің оқу-тәрбие жұмысында алға қойған мақсаты: **«Оқу-тәрбие үрдісіне жаңаша, заманауи оқыту әдістері мен тәсілдерін енгізе отырып, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру»**

Осы мақсат негізіндегі мектептің міндеттері:

- Оқушылардың білім мен ғылымға, өнерге деген ынта-жігер құштарлықтарын дамыту;

- Отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, өз елінің патриоты болуға баулу;

- адамгершілік қасиеттерді барынша құрметтеуге, жолдастық пен адалдық, шыншылдық, жауапкершілік сезімдерге үйрету;

- еңбек ету қажеттілігін түсінуге, еңбек адамын құрметтей білуге баулу;

- әсемдікті барынша сезіне білуді, шын көріктілікті жасандылықтан ажырата білуді, музыкаға, өнерге, әдебиетке ынтасын үнемі жетілдіруге талпынысын, құштарлығын, табиғатты сүйуге тәрбиелеу;

- денсаулығы мықты және дене құрылысы жақсы дамыған, дене шынықтырумен үнемі шұғылданатын жеке тұлға қалыптастыру;

- табиғатты қорғау, оның байлығын көздің қарашығындай сақтауға үйрету;

Мектептің 2022-2023 оқу жылындағы **өзекті мәселесі:**






«Оқушыларды шағын жинақты мектептің біріктірілген сыныптарында оқуға бейімдей отырып оқыту сапасын арттыру».

Мамай ауылының негізгі орта мектебі ұжымы **«Оқу-тәрбие үрдісіне жаңаша, заманауи оқыту әдістері мен тәсілдерін енгізе отырып, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру»** тақырыбындағы мақсатты басты нысанға ала отырып, 2022-2023 оқу жылы бойы осы мақсат төңірегінде жұмыс жасады. Мақсат айқын болғанда нәтижеге жету жолы да анық болмақ.

Мамай ауылының негізгі орта мектебі ұжымы **«Оқу-тәрбие үрдісіне жаңаша, заманауи оқыту әдістері мен тәсілдерін енгізе отырып, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру»** тақырыбындағы мақсатты басты нысанға ала отырып, 2022-2023 оқу жылы бойы осы мақсат төңірегінде жұмыс жасады. Мақсат айқын болғанда нәтижеге жету жолы да анық болмақ.

Мектептің ұстаздар ұжымының қажымай, талмай жүйелі түрде жүргізген жұмыстарының нәтижесі ауыз толтырып айтарлық. Мектеп оқушылары мектепішілік, аудан-облыстық деңгейдегі сайыс-конкурстардан жүлделі орындарды иеленді.

Реті	Қатысушы оқушының аты-жөні, сыныбы	Конкурс түрі атауы, өтілген мерзімі	аудан	облыс
------	------------------------------------	-------------------------------------	-------	-------

<p>1.</p>	<p>Иманшарт Оразбек /5-сынып/</p>	<p>ДИПЛОМ ІІ ДӘРЕЖЕЛІ АУДАНДЫҚ ПӘНДЕР ОЛИМПИАДАСЫ ПӘН: ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ЖЕТЕКШІСІ – Дюсенова А. Қ.</p>  	<p>Аудандық пәндер олимпиадасы</p>	
<p>2.</p>	<p>Қайруллина Арайлым /9-сынып/</p>	<p>Облыстық І. Жансүгіров оқулары /онлайн/ ІІІ орын. Жетекшісі: Хойчбай Е./ Ақмола облысының Білім Басқармасының фейсбук парақшасында жарияланды.</p>  		<p>Облыстық І.Жансүгіров оқулары</p> 
<p>3.</p>	<p>Қапаров Нұрмат /8-сынып/</p>	<p>МАДАҚТАМА /АУДАНДЫҚ «ТІЛ ДАРЫНЫ» ІІ ОРЫН/ Жетекшілері: Хойчбай Е. Нуржанова Д. М.</p>	<p>Аудандық «Тіл дарыны» сайысы</p>	

				
		<p>Мадақтама III орын</p> 	<p>Аудандық ғылыми жобалар байқауы. Жоба тақырыбы: «Оспан батыр». Жетекшісі: Қуат Т.</p>	
<p>4.</p>	<p>Ермұрат Айниса /7-сынып/</p>	<p>Диплом II дәрежелі.</p>  	<p>Облыстық «Мағжан оқулары». Жетекшісі: Хойчбай Ермурат</p>	
		<p>Диплом II дәрежелі.</p>	<p>Аудандық пәндер олимпиадасы, биология. Жетекшісі: Рамазанова С. Т.</p>	



Ұстаздың әрдайым өз ісін құштарлықпен, сүйіспеншілікпен атқаруы үшін белгілі бір мотивациялық фактордың қажет екені сөзсіз. Мамай мектебінің әкімшілігі осы жайды ескере отырып 2022-2023 оқу жылының басында ұстаздар қызметінің нәтижелілігін оқу жылы бойы бақылап, сараптау және ынталандыру мақсатында **«Мұғалімдердің жетістік рейтингісін»** мектепшілік бақылаудың бір нысаны ретінде оқыту үрдісіне енгізді. Бұл жаңашылдық, әлбетте, әріптестерге тың серпін алып келді. Оқытудың түрлі бағыттары бойынша педагог өзінің әр тоқсан сайын қандай нәтижеге жеткен я жетпегенін рейтингтен көріп, өзіндік сараптау арқылы өзін-өзі реттеп отырды.

«Мұғалімдердің жетістік рейтингісінің» кестесі:




«Мұғалімдердің жетістік рейтингісінің» жоғарыдағы көрсетілген бағыттары бойынша аудандық, облыстық, республикалық деңгейде нәтижелі, жетістік көрсеткен ұстаздарға оқу жылы бойына балл қойылып отырылды. Аудандық көрсеткішке – 1 балл, облыстық көрсеткішке - 2 балл, тиісінше республикалық көрсеткіш – 3 балл.

I - IV ТОҚСАНДАР БОЙЫНША , ЖЫЛДЫҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЖЕТІСТІК РЕЙТИНГІСІНДЕГІ БАЛДАРЫ /2022-2023 оқу жылы/

№	МҰҒАЛІМ	БАЛЛ				
		I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан	Жылдық қорытынды балл
1.	Рамазанова С. Т.	1	1	3	2	7
2.	Хойчбай Е.	8	1	8	2	19
3.	Қуат Т.	1	-	4	1	6
4.	Ахметкалиева Қ. Ж.	1	1	1	1	4
5.	Шабарова А. Қ.	1	-	2	1	4
6.	Кабиденова А. С.	1	-	-	-	1
7.	Нұржанова Д. М.	1	1	5	1	8
8.	Рустемова А. Қ.	1	-	-	-	1

9.	Дюсенова А. Қ.	3	1	3	2	9
10.	Токубаев А. М.	1	1	2	1	5
11.	Амантай Б. Ж.	5	1	2	2	10
12.	Бугабай М.	-	-	-	1	1

Шағын жинақты мектеп санатындағы Мамай ауылының негізгі орта мектебінің мұғалімдер ұжымы үнемі түрлі деңгейдегі кәсіптік, пәндік конкурстарға қатысып, жүлделі орын иеленіп жүр.

Реті	Қатысушы мұғалімнің аты-жөні	Конкурс түрі атауы, өтілген мерзімі	аудан	Облыс, өңіраралық
1.	Хойчбай Ермұрат	<p>СЕРТИФИКАТ /Өңіраралық ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУДА БАЯНДАМА ОҚЫҒАНЫ ҮШІН/ ТАҚЫРЫБЫ: «Ахмет тартпаған азап, Ахаң ішпеген у бар ма?!» МҰҒАЛІМ: Хойчбай Е.</p>  		Өңіраралық педагогикалық оқу
		<p>СЕРТИФИКАТ /КӨКШЕТАУ ҚАЛАСЫ МЕН АҚМОЛА ОБЛЫСЫ МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫ, ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ ІІ ОБЛЫСТЫҚ ФОРУМЫНА ҚАТЫСҚАНЫ ҮШІН/ ТАҚЫРЫБЫ: «Мектеп пен ЖОО байланысы мәнмәтіндегі педагогикалық білім беруді жетілдіру: жұмыс тәжірибесі, трендтер, болашағы»</p> 		Облыстық форум

Әріптестердің педагогикалық білім, біліктерін шыңдап, олардың оқыту үрдісінде қолданып жүрген оқытудың жаңа әдіс-тәсіл, идеяларын ұсынуларына мүмкіндік тудыру мақсатында мектепшілік «Педагогикалық идеялар жәрмеңкесі» ұйымдастырылған болатын. Аталмыш жәрмеңкеде педагогтеріміз

өздері сабақтарында жиі қолданатын жаңашыл-инновацияға негізделген ой – идеяларын ортаға салды. Үздік деп танылған идеялар аудандық конкурсқа ұсынылды. Атап айтсақ, бастауыш сынып мұғалімі Нуржанова Диана Маратқызы мен тарих пәнінің мұғалімі Қуат Тілеубердінің оқытуда қолданылатын ресурстар бойынша, жаңа әдіс-тәсілдер бойынша ұсыныс идеялары үздік деп танылып, ауданға жолданды.



**СЕРТИФИКАТ /РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОНЛАЙН СЕМИНАР/
ТАҚЫРЫБЫ: «ПЕДАГОГТЫҢ ПСИХОЛОГТИК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ»
ҚАТЫСУШЫ: АМАНТАЙ Б.**



СЕРТИФИКАТ /РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОНЛАЙН СЕМИНАР/


ТАҚЫРЫБЫ: «Жалпы білім беретін мектеп мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту»
ҚАТЫСУШЫ: НУРЖАНОВА Д. М.

СЕМИНАР-ТРЕНИНГ «LESSON STUDY ЗЕРТТЕУІНІҢ НЕГІЗДЕРІ»

МЕРЗІМІ: 2023 ЖЫЛ 13-15 НАУРЫЗ АРАЛЫҒЫ ҚАТЫСҚАҢДАР: 7 МҰҒАЛІМ

1. Рамазанова С. Т. 2. Хойчбай Е. 3. Амантай Б., 4. Ахметкалиева Қ. Ж., 5. Қуат Т., 6. Нуржанова Д. М. 7. Шабарова А. К.





Аудандық семинар. Тақырыбы: «Функционалдық сауаттылық – тұлға қалыптастыру негізі». Өткізілген орны: Степняк қаласы, Абай атындағы №2 мектеп. Қатысқан мұғалімдер: Токубаев А. М. Қуат Т.



СЕРТИФИКАТ. СЕМИНАР-ПРАКТИКУМ.

ТАҚЫРЫБЫ: «Ұлттық спорт түрі ретінде асық ату және бес асық бойынша жарыстар өткізу және ұйымдастыру ережелері»

ҚАТЫСУШЫ: Амантай Бахтияр Жұмабайұлы

Мамай ауылының негізгі орта мектебінің 5 мұғалімі (Рамазанова С. Т., Хойчбай Е., Амантай Б., Бугабай М., Токубаев А. М.) 2023 жылдың маусым айының 12-23 күндері аралығында Степняк қаласында «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы өткізген «Шағын жинақталған мектептерде біріктірілген сынып-комплектілерінде пәндерді оқыту әдістемесі» тақырыбындағы курстан өтіп сертификаттар алды. Курс тренері, жетекші Алькенова Ботагөз Камзовна.



Мемлекеттік білім беру стандарттарын орындауға, білім беру үдерісін жақсартуға бағытталған оқу процесін ұйымдастыру жұмыстары 2022-2023 оқу жылында мектебімізде жоғары деңгейде ұйымдастырылды деп толық сеніммен айта аламыз. Оған дәлел, педагогтардың ізденімпаздықпен жүйелі түрде қарқынды түрде ұйымдастырған оқу процесінің жұмыстары. Жаңадан жаңалық табуға құштар жаңашыл педагогтеріміз жұмысын атап айтпасқа болмас.

Мұғалімдердің нәтижелі жұмысының көрсеткішінің бірі – ашық сабақтар. Әріптестермен тәжірибе алмасу, сабақтардағы, оқыту процесіндегі олқылықтарды анықтау, зерттеу, талдау мақсатында жасалатын жұмыстың түрі де осы ашық сабақтар. Алдағы оқу жылынан бастап ашық сабақтардың орнына «lesson study» зерттеу сабақтарын енгізуді көздеп отырмыз. Сонда нақты зерттеу, бақылау нысаны анықталып, педагогтер бірлескен, ортақ талқылаудан өткен нәтижелі іске қол жеткізбек.

Жоспарланған ашық сабақтар кестесі /2022-2023 оқу жылы/:

РЕТІ	ПӘН	ӨТІЛУ МЕРЗІМІ	СЫҢЫП	МҰҒАЛІМ
1.	Химия	желтоқсан	7/8	Рамазанова С. Т.
2.	Қазақ тілі	қараша	7/8	Хойчбай Е.
3.	Құқық негіздері	қазан	9	Қуат Т.
4.	Физика	сәуір	7	Дюсенова А. К.
5.	Дүниетану	қараша	3	Ахметкалиева Қ. Ж.
6.	Дене шынықтыру	мамыр	5/6	Амантай Б.
7.	Информатика	сәуір	5/6	Токубаев А. М.
8.	Математика	ақпан	1	Нуржанова Д. М.
9.	Ағылшын тілі	қаңтар	9	Кабиденова А. С.
10.	Жаратылыстану	қаңтар	4	Шабарова А. К.



Ашық сабақ /химия, 8-сынып/



Ашық сабақ /дүниетану, 3-сынып/



АШЫҚ САБАҚ: ҚАЗАҚ ТІЛІ, 7-8-СЫНЫП,

Мамай ауылының негізгі орта мектебінде 2022-2023 оқу жылына арналған **пәндік онкүндіктер** төмендегі кестеде көрсетілген. Пән мұғалімдері пәндер онкүндіктерін жоспарға сай белгіленген мерзімде, жаңа әдіс-тәсілдер мен көрнекі-ресурстарды қолдана отырып өткізді. Онкүндік жоспарлары мектеп директорымен бекітіліп, жекелеген іс-шаралар жоспары да мектеп әкімшілігі тарапынан тексеріліп, мақұлданып отырды.

№	Айы	Пән айлығы	Жауаптылар
1.	қыркүйек	Тілдер мерекесі	Хойчбай Е. Кабиденова А.С.
2.	қазан	Жаратылыстану – Физика онкүндігі	Дюсенова А.К.
3.	қараша	Математика және информатика онкүндігі	Токубаев А.М. Дюсенова А.К. Мыржакимов Т.Б.
4.	желтоқсан	Ағылшын тілі онкүндігі	Кабиденова А.С.
5.	қаңтар	Дене шынықтыру онкүндігі	Амантай Б.Ж.
6.	ақпан	Бастауыш сынып пәндерінің онкүндігі	Ахметкалиева К.Ж. Шабарова А.К. Нұржанова Д.М.
7.	наурыз	Қазақ тілі мен әдебиеті, Тарих пәндерінің онкүндігі	Хойчбай Е.
8.	сәуір	«ҒЫЛЫМ күні» оқушылардың жобаларын қорғау	ОІМ
9.	сәуір	Химия, биология пәндері онкүндігі	Рамазанова С.Т.
10.	мамыр	Эстетикалық цикл /көркем еңбек, музыка/ пәндерінің онкүндігі	Токубаев А.М.





«КОД САҒАТЫ - 2022» САЙБЫСЫ, МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ИНФОРМАТИКА ОНКҮНДІГІ. ОҚУШЫЛАР /3-9-СЫНЫП/ СЕРТИФИКАТТАР ИЕЛЕНДІ. МҰҒАЛІМ: ТОКУБАЕВ А. М.

Жаңа 2023-2024 оқу жылының I тоқсанында жүйелі де дұрыс ұйымдастырылған оқу-әдістемелік жұмыстың нәтижесінде мектептің ұстаздар ұжымы мен оқушыларымыз республикалық, облыстық және аудандық деңгейдегі жетістіктерге жетті. 2023 жылдың қазан айының 5-і ресми түрде Президент жарлығымен «Ұстаздар күні» болып белгіленді. Ұстаздар күні Мамай ауылының негізгі орта мектебі Оқу-ағарту министрінің Алғыс хатымен марапатталды.



«Ұстаздар күні» қарсаңында мектебіміздің оқу ісінің меңгерушісі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Хойчбай Ермурат Оқу-ағарту министрінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Бастауыш сынып мұғалімі Ахметкалиева Қарлығаш Жексенбайқызы облыстық кәсіподақ ұйымының «Құрмет грамотасымен» марапатталды.



Мектебіміздің 9-сынып оқушысы Қапаров Нұрмат 2023 жылдың қазан айының 22-24 аралығында Сандықтау қаласы, «Жасдәурен» жыл бойы сауықтыру лагері базасында ұйымдастырылған облыстық «Ақберен» тіл, өнер байқауында «Эссе» аталымы бойынша жүлделі III орынды иеленді.

Сонымен қатар, Нұрмат өлкетану бағыты бойынша ұйымдастырылған «Менің шағын Отаным» конкурсының «Менің шағын Отанымның символы» аталымы бойынша өзінің бейнеролигімен аудандық кезеңде 1-орынға ие болып облысқа жүлдеме алып, облыстық кезеңде жүлделі III орынды иеленді.





«Ақберен» аудандық байқауында 8-сынып оқушысы Ермурат Айниса жүлделі 3-орынға ие болды.



4-бөлім. Оқушылар құрамы. Оқушылардың сандық құрамы.


[271023_203614_oushylyar-tzmkontingent.pdf \(aqmoedu.kz\)](#)

№	Оқу жылы	1-4 сынып			5-9-сынып			Барлығы		
		Сыныптар саны	Сынып жиынтықтары	Оқушылар саны	Сыныптар саны	Сынып жиынтықтары	Оқушылар саны	Сыныптар саны	Сынып жиынтықтары	Оқушылар саны
1	2021-2022	3	3	13	5	3	15	8	6	28
2	2022-2023	3	2	8	5	3	16	8	5	24
3	2023-2024	2	2	8	5	3	13	7	5	21

Қазіргі уақытта оқушылар саны 21 оқушыны құрайды. Мектепте оқыту тілі қазақ тілінде 1-ден 9-сыныпқа дейін 21 оқушының 10 қыз, бұл 47,7%, ұл–11, бұл 52,4% құрайды. Мектепте оқыту тілі - 100 % қазақ тілі. Үздік оқушылар мен оқу екпінділері үлесі-88,3 %, дарынды балалар үлесі – 76 %,олимпиада, түрлі сайыстарға қатысушы оқушылар.

Білім алушылардың биылғы оқу жылында 3 оқушымен толықты.

Ерекше білім беруді талап ететін /ПМПК/ оқушылар соңғы 3 оқу жылында болған жоқ.



2021-2022 оқу жылындағы оқушылардың қозғалысы
туралы мәліметтер.

Мектептен кеткен оқушылар саны

№	Аты - жөні	Сыныбы	Кеткен уақыты	Бұйрық номері	Қайда кетті
1	Таукелова Жұлдызай	8	27.08.2022	16	“Ілияс Жансүгіров атындағы №58 мектеп-гимназиясы” Астана қаласы
2	Сабитова Айсұлу	3	21.06.2022	14	Абай Құнанбаев атындағы №6 мектеп
3	Кенжетаева Жұлдыз	9	2022-2023 оқу жылындағы оқушылардың қозғалысы туралы мәліметтер	15	Ақсу қ. ЖОББМ Степногорск қ.

Мектептен кеткен оқушылар саны

№	Аты - жөні	Сыныбы	Кеткен уақыты	Бұйрық номері	Қайда кетті
1	Мұсабаев Ерали	6	23.08.2023	20	“Сәкен Сейфуллин атындағы №5 көпсалалы мектеп-лицейі” Степногорск қаласы
2	Мұсабаева Дариға	8	23.08.2023	20	Мұстафа Шоқай атындағы №5 мектеп-гимназиясы” Астана қаласы
3	Нұрғазы Айерке	3	17.07.2023	19	“№8 мектеп-гимназиясы” Щучинск қаласы
4	Калишева Айлана	8	17.07.2023	19	“№8 мектеп-гимназиясы” Щучинск қаласы
5	Жырғаухан Мұхамеджан	6	15.06.2023	18	“Өленті орта мектебі” Еремантау ауданы
6	Жырғаухан Ислам	2	15.06.2023	18	“Өленті орта мектебі” Еремантау ауданы

2023-2024 оқу жылындағы оқушылардың
қозғалысы туралы мәліметтер.
Мектепке келген оқушылар саны

№	Аты - жөні	Сыныбы	Кеткен уақыты	Бұйрық номері	Қайдан келді
1	Таукелов Радмир	6	25.09.2023	2	КГУ ОШ №1 Ақсу ауылы
2	Таукелова Айлана	4	25.09.2023	2	“Ілияс Жансүгіров атындағы №58 мектеп- гимназиясы” Астана
3	Таукелова Аймира	0	25.09.2023	2	“Державин қаласының А.Үкібаев атындағы ЖОББМ”

Білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер: 2021-2022 оқу жылы оқушылар саны – 28, кеткен оқушылар саны – 3, келген оқушы – 0; 2022-2023 оқу жылы оқушылар саны – 24, кеткен оқушылар саны – 6 оқушы, келген оқушы – 0; 2023-2024 оқу жылы оқушылар саны – 21, кеткен оқушылар саны – 0, келген оқушылар саны – 3. Ағымдағы оқу жылында оқушылар саны тұрақты.

5 бөлім. Оқу-әдістемелік жұмыстар

Оқыту нәтижесіне бағдарланған білім беру мазмұнына қойылатын критерийлер - оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестесінің болуы және сәйкестігі. Мектепте оқыту ҚР бастауыш, негізгі орта білім берудің Мемлекеттік жалпы білім беру стандарты негізінде жүзеге асырылады. Бастауыш, негізгі орта білім берудің базалық мазмұны инвариантты бөлімнің оқу пәндері арқылы толық көлемде іске асырылады.

Мектептің үлгілік және жұмыс жоспарлары

[Түп-Пүп 2021-2022 \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

[Түп-Пүп 2022-2023 \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

[Түп-Пүп 2023-2024 \(aqmoedu.kz\)](http://aqmoedu.kz)

Сабақ кестесі sc0012.birzhansal.aqmoedu.kz/public/files/2023/10/29/291023_173322_saba-kestes-3-ghyl-mektep.pdf

2021-2022 оқу жылы «Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Мамай ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде саны – 8, сынып жиынтықтарының саны – 5, «Мамай негізгі мектебі» КММ шағын жинақы мектеп болғандықтан 2/3, 5/6,7/8 сыныптар біріктірілген, оқыту қазақ тілінде, дәстүрлі форматта жүргізіледі. Мектеп 2021-2022 оқу жылында оқу үрдісін ұйымдастыруда төмендегі нормативтік құжаттарды негізге алды:

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) ҚР БҒМ (бұдан әрі –

ҚР БҒМ) 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық)

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496с бұйрық)

Жұмыс оқу жоспары үлгілік оқу жоспарлары негізінде жасалған "Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығымен бекітілген қазақ тілдерінде оқытатын (жаңартылған мазмұндағы) 1, 6 -қосымшалары (6-тарау).

«ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығының 14-тармағында бастауыш сыныптағы «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінің атауы «Цифрлық сауаттылық» болып өзгертілді. «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген № 496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілді. (2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына (188-2к қосымша), 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығына (4-қосымша) өзгерістер енгізілді). «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 1-сыныпта 2022 жылдың 1 қаңтарынан, 2-сыныпта 2022 жылдың 1 қыркүйегінен, 3-сыныпта 2021 жылдың 1 қыркүйегінен оқытылды.

2021-2022 оқу жылы оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі 2-9 сыныптарда аптасына – 236 сағат. Жұмыстық оқу жоспарының инвариативтік бөлігі бойынша оқу жүктемелері: 2-сыныпта – 24 сағат, 3-сыныпта – 26 сағат, 4-сыныпта – 26 сағат, 5-сыныпта – 29 сағат, 6-сыныпта – 29 сағат, 7-сыныпта – 32 сағат, 8-сыныпта – 33 сағат, 9-сыныпта – 34 сағат. Барлығы 2-9 сыныптардың инвариативтік сағаттар саны аптасына – 233 сағ.

Жұмыстық оқу жоспарының вариативтік бөлігі:

Оқушылардың ағылшын тілінде білімдерін дамыту мақсатында 2-3 сыныптарда «Ағылшын тілі грамматикасы» курсы 1 сағаттан және 7-8 сыныптарда «ағылшын тілі» курсы 1 сағаттан жүргізілді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығының негізін қалау мақсатында 5-6 сыныптарда «Жас информатик» курсы және оқушылардың ақпараттық сауаттылық деңгейін көтеру мақсатында 4- сыныпта «Информатика бастамалары» курсына 1сағат және оқушылардың бойында әдептілік, ізгі-ниеттілік, адалдық, жауапкершілік қасиеттірін қалыптастыру мақсатында 5-6 сыныптарда «Парасаттылық және әдеп» курсы, 7-8 сыныптарда «Тарихи тұлғалар» курсы алынды.

Оқушыларды этномәдени, дінаралық келісім негізінде азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеу мақсатында 9-сыныпта 1 сағат «Зайырлылық

және дінтану негіздері» және оқу сауаттылығын дамыту мақсатында 1 сағат «Оқуға құштар сынып» курсы оқытылды.

Әдістемелік нұсқау хатын негізінде «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 1-8 сыныптарда сынып сағаттарында және сабақтан тыс мерзімде іске асырылады, «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптарда дүниетану пәні, 5-9 сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. Мектептің материалдық техникалық базасына байланысты және 27 тамыз 2021 жыл №1 пед.кеңес шешіміне байланысты технология пәні ер балалар мен қыз балаларда бірге оқытылады. Оқушылардың денсаулығын сақтау және жан-жақты дамуына жағдай жасау мақсатында 1 сағат «Тоғыз құмалақ» және 1 сағат футбол ойынынан үйірмелері жүргізілді.

2022-2023 оқу жылы «Мамай ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде сынып саны – 8, сынып жиынтықтарының саны – 5, $\frac{3}{4}$, $\frac{5}{6}$, $\frac{7}{8}$ сыныптар біріктірілген, оқыту қазақ тілінде жүргізіледі. 2022-2023 оқу жылында жұмыс жоспарын құруда «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыз №348 бұйрығымен бекітілген білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығы /1,6 қосымшасы/, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «2022-2023 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты және 25 тамыз 2022 жылғы №1 педагогикалық кеңес шешімі басшылыққа алынды.

2022-2023 оқу жылы оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі 1,3-9 сыныптарда аптасына – 226,5 сағат. 2022-2023 оқу жылы 2-сынып жоқ. Жұмыстық оқу жоспарының инвариативтік бөлігі бойынша оқу жүктемелері: 1-сыныпта – 18,5 сағат, 3-сыныпта – 25 сағат, 4-сыныпта – 25 сағат, 5-сыныпта – 28 сағат, 6-сыныпта – 28 сағат, 7-сыныпта – 31 сағат, 8-сыныпта – 32 сағат, 9-сыныпта – 33 сағат. Барлығы 1,3-9 сыныптардың инвариативтік сағаттар саны аптасына – 220,5 сағ.

Жұмыстық оқу жоспарының вариативтік бөлігі:

Оқушылардың математикалық сауаттылығын және логикалық ойлауын

дамыту мақсатында 1-сыныпта «логика», 3-сыныпта цифирлық сауаттылығын дамыту мақсатында «АКТ бастамалары», 4-сыныпта оқу сауаттылығын дамыту мақсатында 4-сыныпта «оқу сауаттылығы» 1 сағаттан бөлінді.

5-9 сыныптарда оқушылардың бойында әдептілік, ізгі-ниеттілік, адалдық, жауапкершілік қасиеттірін қалыптастыру мақсатында 5-8 сыныптарда «Жаһандық құзыреттік» курстары жүргізіледі /5-сынып 0,5 сағ., 6-сынып 0,5 сағ., 7-сынып 0,5 сағ., 8-сынып 0,5 сағ./

9-сыныпта 1 сағат «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы оқытылды.

Оқушылардың денсаулығын сақтау және жан-жақты дамуына жағдай жасау мақсатында «Тоғыз құмалақ», «Үстел теннисі» /барлығы 3сағат/ ойынынан спорт секциялары жүргізілді.

2023-2024 оқу жылы сынып саны – 7, сынып жиынтықтарының саны – 5, 5/6,7/8 сыныптар біріктірілген, оқыту қазақ тілінде жүргізіледі. Мектеп 2023-2024 оқу жылында жұмыстық оқу жоспарын құруда келсеі нормативтік құжаттарды басшылыққа алды:

«Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа ала отырып, оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жоспарлады.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы);

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);

«ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы);

«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы);

«Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы);

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар ҚР БҒМ 2020 жылғы 2 сәуірдегі №125 бұйрығымен енгізілген);

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық

талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы);

«Орта білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығы);

«Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 23 маусым № 292 бұйрығы).

Оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы тамыздағы №264 бұйрығы /1 қосымшасы/ және 12 тамыз 2022 жылғы №365 бұйрығы /6 қосымшасы/, 28 тамыз 2023 ж. Мамай а. негізгі орта мектебі №1 педагогикалық кеңесі отырысының шешімімен құрылды. Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі 1,4-9 сыныптарда аптасына – 200,5 сағат. *2023-2024 оқу жылы 2,3 сыныптар жоқ.* Жұмыстық оқу жоспарының инвариативтік бөлігі бойынша оқу жүктемелері: 1-сыныпта – 18,5 сағат, 4-сыныпта – 25 сағат, 5-сыныпта – 28 сағат, 6-сыныпта – 28 сағат, 7-сыныпта – 31 сағат, 8-сыныпта – 32 сағат, 9-сыныпта – 33 сағат. Барлығы 1,4-9 сыныптардың инвариативтік сағаттар саны аптасына – 195,5 сағ. 1-сыныпта үлгілік оқу жоспары бойынша «әліппе», «ана тілі» пәндері оқытылып, шет тілі және орыс тілі пәндері оқытылмайды, «көркем еңбек» пәні «бейнелеу өнері», «еңбекке баулу» пәндері ретінде жеке оқытылады.

Жұмыстық оқу жоспарының вариативтік бөлігі:

Оқушылардың математикалық сауаттылығын дамыту мақсатында 1-сыныпта «Ғажайып математика», 4-сыныпта оқу сауаттылығын дамыту мақсатында 4-сыныпта «оқу сауаттылығы» 1 сағаттан бөлінді. «Ғажайып математика» курсы оқушылардың математикалық сауаттылығының дамуына арналған. Математика — барлық ғылымдардың логикалық негізі болғандықтан да, математика оқушының дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады, оны шындай түседі, оған қоса өзге салаларды дұрыс қабылдауға көмек береді. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша әзірленген «Ғажайып математика» курсы бағдарламасы педагогиканың түрлі аспектілері: қарым-қатынас жасау, белсенді оқу, зерттеуге негізделген оқуды негізге ала отырып әзірленген. 4 - с ы н ы п т а «оқу сауаттылықты дамыту» таңдау курсы бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық және әдістемелік негіздері қамтылған. Оқушылардың оқу сауаттылығы бойынша тест тапсырмалары оқушының

жеке ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Оқу сауаттылығына білім алушының жазба жұмыстарды түсінуі және оларға рефлексия жасауы, өзінің мақсаттарына жету жолында олардың мазмұнын пайдалана алуы, білімінің дамуы және қоғамдағы өмірге белсене қатысу мүмкіндігі жатады. Оқығанын өмірлік мақсаттарға қолдана алу түсінігі мен қабілеті бағаланады.

Курстың мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық және әдістемелік негіздерін ұғындыру.

Міндеттері:

- бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жөніндегі шетелдік тәжірибені зерделеу және талдау;
- бастауыш мектепті бітірушінің функционалдық сауаттылығының моделін құрастыру.
- Гуманитарлық цикл курстарына енетін оқу пәндері бойынша игерілетін білім аясын кеңейту;
- білім, білік, дағды мен құзыреттіліктің деңгейін жоғарылату;
- білім алушылардың өз тағдырын, соның ішінде кәсіби бағыт-бағдарын анықтауда белсенділік танытуына септігін тигізу;
- оқу пәндеріне деген қызығушылық қалыптастырып дамыту.

Оқушылардың функционалдық сауаттылық мазмұны келесі құзыреттіліктерден көрінеді:

- оқу, жазу сауаттылығынан;
- компьютерлік сауаттылықтан;
- денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан;
- құқықтық сауаттылығынан

Пәнаралық байланыс:

Кез келген сабақ пәнаралық байланыста болады. Оқушының білімін жетілдіру үшін, қызығушылығын ояту үшін дүниетану, сауат ашу, бейнелеу өнері пәндермен тығыз байланыста болады. Оқушылар сабаққа белсене қатыса отырып, жаңа сабақта берілген тапсырмаларды өздігінен меңгере алады. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, білімдерін жетілдіріп, дамытуға арналған. Сабақтың басында көңілді жаттығулар өткізіп, қызықты тапсырмаларды пайдалана отырып, түрлі басқатырғыштар орындату, әрі ширату, көзге арналған жаттығуларды орындау. Оқушыларға графикалық диктант салуды, ойын түрінде өткізуге, үлестірмелі материалдарды қолдану арқылы өткізуге болады. Сонда мұғалім әр оқушының тапсырманы қалай орындағанын бақылай алады. Тапсырмаларды орындауға қосымша дәптер арнауға, жеке, топтық және ұжымдық жұмыстарда орындауға болады.

- Әдебиеттік оқу
- Дүниетану
- Қазақ тілі пәндерімен байланысты

Күтілетін нәтиже:

- Сыныптастарымен шағын топтардың жұмыстарын сараптай алады.
- Хат, құттықтау, хабарландыру жаза алады.

- Біріккен іс- әрекетте өзі үшін, өзге үшін жауапкершілік алады
- Шапшаң, мәнерлеп, дұрыс оқи алады, оқыту барысындағы графикалық тілді қолданады, кесте, сызба, модельдермен жұмыс істей алады
- Ойластыра отырып, міндеттерді шешу үшін өздігінен бірнеше әрекет түрін жоспарлайды.

- Бір мақсатты шешуде әртүрлі жоспарды салыстырады, таңдау жасай алады.

5-9 сыныптарда «Жаһандық құзыреттік» курстары жүргізіледі /5-сынып 0,5 сағ., 6-сынып 0,5 сағ., 7-сынып 0,5 сағ., 8-сынып 0,5 сағ./

9-сыныпта 1 сағат «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы оқытылады. «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсын зерделеу құқықтық және діни сауаттылықты қалыптастыруға, этномәдени және дінаралық келісім негізінде азаматтық жауапкершілікті үйренушілерді тәрбиелеуге бағытталған. Бағдарламалық құжаттаманы игеру жарты жыл мен жылдың қорытындылары бойынша бағаланады. «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы білім алушылардың әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, әдептік нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді. Курстың мақсаты: жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Курстың міндеттері:

- 1) білім алушыларды қазіргі заманның жаһандық сын-тегеуріндерімен таныстыру;
- 2) тұлғаның тұрақты даму мәдениетін қалыптастыру;
- 3) білім алушыларда жергілікті, өңірлік, ұлттық, жаһандық оқиғалар, олардың себептері мен салдарлары туралы талдамалық бағалау түсінігін дамыту;
- 4) эмпатия жағдайында басқа адамдардың қажеттіліктері мен құқықтарына тәрбиелеу;
- 5) мазмұнды және шығармашылық оқыту дағдыларын қалыптастыру.

«Жаһандық құзыреттіліктер» курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 5 - сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат;
- 6 - сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат;
- 7 - сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат;
- 8 - сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат;
- 9 - сыныпта-аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

Оқу курсының базалық мазмұны. Курс бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып әзірленген алты бөлімнен тұрады.

«Парасаттылық және әдеп» юниті білім алушылардың бойында әдептілік, тілектестік, адалдық, толеранттылық, өз

іс-әрекеттері үшін жауапкершілік, ұжымда жұмыс істей білу және мінез-құлық мәдениетінің жоғары стандарттарын білдіретін жеке қасиеттерін дамытуға ықпал етеді.

«Азаматтылық және патриотизм» юниті қазақстандық қоғамның бірдей кодын және мемлекеттілікті құрметтеуді, азаматтық ұстаным мен жауапкершілікті қалыптастыруды, адамдардың қоғамдағы өзара қарым-қатынасын, отбасындағы өзара көмекті, халықаралық сананы қалыптастыруды насихаттайды.

«Медиа және қаржылық сауаттылық» юнитінде медиакеңістік және қаржылық сауаттылықтың негізгі ұғымдарымен және заңдылықтарымен танысады. Қоғамда белсенді өмір сүріп, әлеуметтену үшін қажетті дағды түрлерін қарастырып, ақпаратты талдау, бағалауды дамытады. Білім алушылар ақпаратпен жұмыс істеуге, материалдарды бағалауға, талдауға, жалған мәлімет пен насихатты ажырата білуге үйренеді. Қаржылық сауаттылық туралы білімдері кеңейіп, сауаттылық неден басталатыны, еңбегі арқылы жетістікке жеткен адамдар туралы ақпарат жинақтап, отбасылық бюджетті қалай үнемдеуге болатыны туралы өмірмен байланысты білімдерін дамытады. Білім алушылар қаржылық сауаттылықты жеке қаржылық әлауқатқа жету құралы ретінде пайдалану арқылы әлемдік экономикалық кеңістікке кірігеді.

«Өмір қауіпсіздігі» юниті адам өмірі мен денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, даралықты, жеке өмірге қол сұқпау және құпиялық құқығын сақтауға, қорқыту мен зорлық-зомбылықтан қорғану, адам өмірін сақтап қалу жолдарымен танысуға бағытталған.

«Экологиялық мәдениет» юнитінде білім алушылар экологияның негізгі заңдылықтарымен танысады. Өз денсаулығына, айналасындағы адамдарға және табиғатқа жағымды көзқараста болып, ұқыппен қарауды үйренеді. Табиғатты пайдаланудың моральдық-құқықтық принциптерін сақтайды. Қоршаған ортаны қорғау іс-шараларын белсенді жүргізетін, биосферадағы байланыстарды бұзушыларға қарсы, сондай-ақ экологиялық санасы дамыған әлеуметтік-бағдарлы тұлғаны қалыптастырады.

«Зайырлылық және дінтану» юниті (9-сынып) білім алушылардың құқықтық және діни сауаттылығын қалыптастыруға, зайырлылық қағидатын құндылық ретінде түсінуге, діннің қоғам өміріндегі орнын, әлемдік діндердің, жалған діни және деструктивті діни ағымдардың тарихы мен қазіргі жағдайын зерделеуге бағытталған.

Әдістемелік нұсқау хат негізінде және мектептің материалдық техникалық базасына байланысты 28 тамыз 2023 жыл №1 пед.кеңес шешіміне байланысты технология пәні ер балалар мен қыз балаларда бірге оқытылады. Оқушылардың денсаулығын сақтау және жан-жақты дамуына жағдай жасау мақсатында «Шахмат - шашки», «Үстел теннисі» /барлығы 3сағат/ ойынынан спорт секциялары жүргізіледі. «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 1-8 сыныптарда сынып сағаттарында және сабақтан тыс мерзімде іске асырылады, «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптарда дүниетану пәні, 5-9 сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. 5-9 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны дене шынықтыру мұғалімдерінің жылдық оқу жүктемесімен 15 сағат «Дене шынықтыру» оқу курсы шеңберінде іске асырылады.

[281023_171143_obgh0.pdf \(aqmoedu.kz\)](#) Өмір қауіпсіздігінің негіздері курсы

[281023_191228_ghghe-vio.pdf \(aqmoedu.kz\)](#) жолда жүру ережелері курсы

Мектеп штаттық режимде жұмыс істейді. Оқыту білім берудің жаңартылған мазмұнындағы Үлгілік оқу жоспарына, мектептің ҮОЖ-ға сәйкес жүргізіледі. Сабақтың ұзақтығы 45 минуттан. Оқу бағдарламаларының бақылаудағы орындалуын мектеп әкімшілігі жүзеге асырады. Нәтижесінде бағдарламалық материалдар барлық пәндер бойынша ұзақ мерзімді жоспарлауға, оның ішінде зертханалық және практикалық жұмыстарға сәйкес орындалды. Оқу жоспарларын іске асыру тиісті даярлық пен біліктіліктің педагог кадрларының қажетті санымен, бағдарламалық-әдістемелік материалдардың қажетті санымен және оқу әдебиетімен қамтамасыз етіледі. Оқу бағдарламасын орындау кезінде мереке күндеріне түскен сабақтар ескерілді, олар оқу бағдарламаларының мазмұнын интеграциялауды ескере отырып, келесі күндерге ауыстырылды, бөліп берілген оқу бағдарламаларының практикалық бөлігін пән мұғалімдерімен орындау электрондық журналда қалыптастырылады.

Оқыту сапасы

Кез келген педагогикалық ұжымның негізгі міндеті білім беру сапасын арттыру болып табылады. Оқушылардың білім беру стандарттарының мазмұнын ойдағыдай меңгеруі - білім берудің жоғары деңгейіне қол жеткізу кезеңдерінің бірі. Оқушылардың білім беру стандарттарын меңгеруін бағалау, оқыту деңгейін анықтау үшін дәстүрлі әдістер қолданылады:

Сыныптар бойынша оқыту деңгейін талдау пәндер бойынша талдау

Пәндер мұғалімдерінің жұмыстарына тоқсан/жыл бойынша салыстырмалы талдау.Салыстырмалы талдауды жүзеге асыру үшін:

оқушылардың әртүрлі пәндер бойынша білім сапасын мектепішілік бақылау кезінде алынған ақпарат; емтихандардың және қорытынды тестілеудің нәтижелерін; Оқушылардың электрондық сынып журналдары мен дәптерлерін тексеру кезінде алынған деректер.


Бірнеше жыл бойы мектепте мониторинг жүргізіледі, оның негізгі кезеңдерінің бірі оқу-тәрбие процесінде педагогикалық ұжымның жұмысындағы кемшіліктерді анықтау мақсатында білім беру мен оқытудың

сапасын бақылау және талдау, пәндер мен сыныптар бойынша аралық және қорытынды аттестаттау деңгейін талдау болып табылады. Жыл бойы оқу сапасының деңгейін қалыптастыру мониторингі жүргізілуде, жыл басында оқушылардың бастапқы оқу деңгейін анықтап, жыл соңындағы көрсеткіштермен салыстырылып, себептерін анықтап, олқылықтарды жою бойынша шаралар жүргізіледі. Тоқсанның соңында ТБЖ мен БЖБ талдауы жүргізіледі, оның мақсаты оқушылардың оқу динамикасын қадағалау, үлгермеушіліктің алдын алу үшін мұғалімдер мен оқушылардың қызметін түзету болып табылады. Жыл соңында қорытынды бақылау өтеді, ол оқу деңгейінің келесі сыныбымен салыстырылып, олардың оқытылу динамикасын қадағалайды, одан әрі оқытудың нәтижелілігін болжайды, кемшіліктерді анықталады, келесі оқу жылына жүргізілетін жұмыстар жоспарланады. Бақылау нәтижелері бойынша мұғалімдердің әдістемелік бірлестіктер отырыстары өткізіледі, онда пән мұғалімдері жұмыстарға талдау жүргізеді және оқушылар мен мұғалімдердің қандай да бір пәндерді оқыту кезіндегі қиындықтарын жіктейді. Жыл қорытындысы бойынша оқу сапасының пайызы 3 жыл бойы артылғаны көрінеді.

Кез келген педагогикалық ұжымның негізгі міндеті білім беру сапасын арттыру болып табылады. Оқушылардың білім беру стандарттарының мазмұнын ойдағыдай меңгеруі - білім берудің жоғары деңгейіне жету кезеңдерінің бірі. Оқушылардың білім беру стандарттарын меңгеруін бағалау, оқыту деңгейін анықтау үшін дәстүрлі әдістер қолданылады:

- сыныптар бойынша оқу деңгейін талдау;
- пәндер бойынша талдау;
- пән мұғалімдерінің жұмысын тоқсан/жыл бойынша салыстыру.
- оқушылардың әртүрлі пәндер бойынша білім сапасын мектепішілік бақылау кезінде алынған ақпарат;
- емтихан және қорытынды тестілеу нәтижелері;
- электрондық сынып журналдары мен оқушылардың дәптерлерін тексеру кезінде алынған мәліметтер.

Бірнеше жыл бойы мектепте мониторинг жүзеге асырылады, оның негізгі кезеңдерінің бірі – оқу-тәрбие процесінде педагогикалық ұжымның жұмысындағы олқылықтарды анықтау мақсатында білім беру мен оқыту сапасын бақылау және талдау, пәндер мен сыныптар бойынша аралық және қорытынды аттестаттау деңгейін талдау болып табылады. Жыл бойы пәндердің оқытылу деңгейі мониторинг арқылы жүргізіледі. Жыл басында пәндер бойынша оқушылардың білім деңгейлерін анықтау срездері алынады. 2-9-сынып оқушыларынан бастапқы (нөлдік) бақылау срездері алынып, қорытындысы сарапталды. Оны алудағы мақсат – олардың білім деңгейлерінің тұрақтылық дәрежесін анықтау, жазғы кезеңде білім деңгейінің төмендеу деңгейін анықтау, олқылықтарды жою шараларын күшейту.



Білім беру процесінің мақсаты бастауыш мектепте - бұл оқушының жеке басының дамуы, оның шығармашылық қабілеттері, оқуға деген қызығушылығы, оқуға деген құштарлығы мен қабілетін қалыптастыру. Бастауыш жалпы білім берудің басымдығы жалпы білім беру дағдыларын қалыптастыру болып табылады, олардың даму деңгейі барлық кейінгі оқытудың сәттілігін едәуір дәрежеде анықтайды.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ұжымына келесі міндеттер қойылды: -

1. Бастауыш сынып оқушыларының білімді игеру табыстылығын дамытуға ықпал ету:

- оқу сапасын арттыру;
- әр түрлі деңгейдегі зияткерлік және шығармашылық конкурстарға қатысу;
- отбасы мен мектептің өзара іс-қимылы.

2. Дарынды балалармен жұмыс жасаудың нысандары мен әдістерін тәжірибеге енгізу.

3. Оқытудың сапасын арттыру үшін мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру:

- озық педагогикалық тәжірибені енгізу;
- семинарларға, конкурстарға қатысу;
- өзін-өзі дамыту тақырыптары бойынша жұмыс.

Интерактивті тақтамен жұмыс істеу, озық оқыту технологиясы, қарқынды оқыту, жобалық қызмет, денсаулық сақтау технологиясы бойынша жұмыс, "Портфолио" технологиясын қолдану сияқты инновациялық әдістемелерді қолдану оқушылардың оқуға деген ынтасын айтарлықтай арттырады.


Оқу сапасының деңгейі жылдан жылға артып келеді. Оқу жылының соңында бастауыш мектеп және 5-сынып мұғалімдерімен кездесу өткізіледі. Сабақтастық жұмысы 5-сыныптарда жалғасады. Оқу іс-әрекетін талдау нәтижесінде жинақталған деректер: оқушылардың бағдарламалық материалды игеруіне жеке сараланған тәсілдердің тиімді екендігі анықталып, төмендегі жұмыс бағыттары ұсынылды:

- Әр баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, дамыта оқытудың формалары мен әдістерін және заманауи технологияларды тереңірек енгізу;

- Пән мұғалімдерімен тығыз байланыста жұмыс істеу, олардың сабақтарына қатысу, сабақта оқушылардың жұмысын талдау;


Бастауыш білім беру пәндері бойынша білім сапасы

Пән	Сапа/%/ 2021-2022 оқу жылы	Сапа/%/ 2022-2023 оқу жылы	Сапа/%/ 2023-2024 оқу жылы /I тоқсан/
Қазақ тілі	60%	66%	75%
Әдебиеттік оқу	72%	66%	75%
Орыс тілі	74%	83%	100%
Ағылшын тілі	74%	66%	75%
Математика	69%	83%	100%
Дүниетану	88%	100%	100%
Жаратылыстану	88%	100%	100%



Негізгі орта білім беру пәндері бойынша білім сапасы

Пән	Сапа/%/ 2021-2022 оқу жылы	Сапа/%/ 2022-2023 оқу жылы	Сапа/%/ 2023-2024 оқу жылы /I тоқсан/
Қазақ тілі	93%	93%	93%
Қазақ әдебиеті	93%	93%	93%
Орыс тілі мен әдебиеті	74%	83%	89%
Ағылшын тілі	93%	89%	93%
Математика	83%	91%	83%
Алгебра	66%	66%	100%
Геометрия	66%	66%	100%
физика	66%	66%	100%
химия	88%	77%	100%
Информатика	100%	100%	-
Жаратылыстану	83%	100%	100%
География	55%	66%	100%
Биология	77%	100%	100%
Қазақстан тарихы	100%	100%	-
Дүниежүзі тарихы	100%	100%	-
Құқық негіздері	100%	100%	-



2021-2022 оқу жылындағы оқу сапасы туралы мәліметтер: үздік-6 / 22,2%/, жақсы -10 / 37%/, білім сапасы – 59%, оқу үлгерімі - 100% (2020-2021 оқу жылында мектепте білім сапасы 58% бұл өткен оқу жылының қорытындысы бойынша 1% -ға жоғары.)

Мамай ауылының негізгі мектебіндегі оқушылардың жалпыға бірдей біліммен қамтылуы және 2022-2023 оқу жылында оқып білім алған оқушылар бойынша ақпараттар төмендегідей:

Сынып	Оқушылар саны	Үздік оқитын	Жақсы оқитын.	Бір «4»	Бір «3»	игере алмаушылық	% Үлгерімі	% Білім сапасы
1	0	0	0	-	-	-	100	-
2	4	1	1	-	-	-	100	50
3	3	1	1	-	-	-	100	67
4	6	1	3	-	1	-	100	67
5	1	0	1	-	-	-	100	100
6	3	1	1	-	-	-	100	67
7	4	1	3	-	-	-	100	100
8	3	1	-	-	-	-	100	33
9	3	-	-	-	-	-	100	0
Барлығы:	27	6	10	-	1	-	100	59

Жалпы оқушылар саны: 24

Мектепалды даярлық сыныбында: 5

